



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

на мировой рынок[6].

Корея поддерживает взаимовыгодные отношения в сфере науки и техники со многими странами, в том числе и с Казахстаном. Республика Корея является одним из основных партнёров нашей страны в этой области. 16 мая 1995г. между государствами было подписано межправительственное соглашение о научном и технологическом сотрудничестве. Во второй статье которой содержится главные направления сотрудничества:

- а) обмен учеными, исследователями, техническим персоналом и экспертами;
- б) обмен результатами исследований, публикациями и информацией научного и технологического характера;
- в) организация совместных семинаров, симпозиумов, других рабочих совещаний и обучения кадров в научной и технологической областях;
- г) реализация совместных исследовательских проектов по вопросам, представляющим взаимный интерес;
- д) любые другие формы научного и технологического сотрудничества по обоюдному согласию [7].

Кроме этого Корея содействует формированию электронного образования в нашей стране e-learning, проводится взаимный обмен опытом и студентами между университетами. Республика Корея принимает активное участие в строительстве Медицинской школы при «Назарбаев университет» в городе Астана.

Сегодня, Корея - это развитое государство, обладающее передовыми технологиями и делящееся своим опытом с другими. Взоры многих людей устремлены в сторону Кореи. Образование Южной Кореи относится к одним из самых лучших, востребованных и ценных в мире. Всё больше молодых людей стремятся пройти обучение в Республике Корея, поскольку это является гарантией успешного будущего и уверенности в своём профессионализме. Корея продолжает своё дальнейшее восхождение на вершину вполне вероятно ещё больше укрепит свои позиции в мировом пространстве.

Список использованных источников:

1. Курбанов С.О. История Кореи: с древности до начала XXI века, изд-во: Санкт-Петербург. универ-та, 2009 – с.54.
2. Добро пожаловать в Республике Корея, изд-во: Корейская служба информации, Сеул, 2001 –с.19-38.
3. www.vikent.ru
4. www.aboutkorea.ru
5. www.mindraw.web.ru
6. Научно-техническая политика Республики Корея (1948-1987).www.aboutkorea.ru
7. Соглашение между Правительством Республики Казахстан и Правительством Республики Корея о научном и технологическом сотрудничестве. Бюллетень международных договоров Республики Казахстан. - 1997, №6.

ӘОЖ 323.1(510)

ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗ САНДЫ ҰЛТ ӨКІЛДЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ ҚОЛДАНАТЫН САЯСАТЫ

Нұрғали Аида Сәбитқызы
Aida_nurgali@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті Халықаралық Қатынастар факультетінің «05В020900 -Шығыстану» мамандығының 3-курс студенті, Астана, Қазақстан

Қытай - дүние жүзінде тарихы ең бай әрі мыңжылдық дәстүрлерін сақтап келе жатқан мемлекеттердің бірі ретінде ерекшеленеді. Және осы ел этникалық тұрғыдан өте алуан түрліәрі күрделі. Көптеген тілдерде «қытайлықтар», «қытай халқы» деген атаулар бар, бірақ бұл атаулар этникалық бірлік емес, саяси бірлік болып табылатындығын түсіну маңызды. Яғни «Джон хуа ұлттары» (中华民族, 中国人) немесе «қытайлық» – бұл бір ұлттың атауы емес, бұл Қытайда қоныстанған барлық ұлттардың жалпылама атауы.

Қазіргі таңда Қытай Халық Республикасында (ҚХР) мемлекетті құраушы хань ұлтынан тыс, үкімет тарабынан ресми танылған 55 этникалық топ тұрады, олар жалпы халық санының 8,4% құрайды. Бұларды Аз Санды ұлттар деп атайды. Қалған 91,6% -дық үлес суперэтнос – хань ұлтының үлесіне тиесілі. Осы аз санды ұлттардың ішінде халық саны 2-10 млн аралығында 10 ұлт бар. Қалған 45 ұлттың саны 2900-ден 1,9 млн адам аралығында. Жалпы халық саны жағынан 104 млн адамды құрайтын аз ұлт өкілдері Қытайдың барлық дерлік провинцияларында мекендейді. Аз санды этникалық топтың арасында бес ұлт территориялық автономия аудандық (облыс дәрежелі) мәртебеге ие. Атап айтқанда: Ішкі Монғолия автономиялық ауданы, Гуанси-Чжуан автономиялық ауданы, Тибет автономиялық ауданы, Нинся-Хуэй автономиялық ауданы, Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы. Қоныстану тұрғысынан алғанда этникалық топтардың көбі бір аумаққа шоғырлы, ал санды топтар тұтас қытайға таралған. Мәселен, Хуэй ұлты (қытайланған мұсылмандар) 19 провинцияда тұрады.[1]

1-кесте. Қытайдың провинциялық деңгейдегі автономды облыстары


Атауы	Құрылу уақыты	Астанасы	Ауданы (1000 шаршы км)	Жалпы адам саны (млн)	Этникалық азшылықтың адам саны (млн)	Этникалық азшылықтың пайыздық үлесі (%)
Ішкі Монғолия автономды облысы	1 мамыр, 1947 ж	Хух-хото	1,183	23,9	5,2	21,6
Шыңжаң-Ұйғыр автономды облысы	1 қазан, 1955 ж	Үрімші	1,650	20,1	12,1	60,4
Гуанси-Чжуан автономды облысы	15 наурыз, 1958 ж	Наннин	236	49,25	19	38,54
Нинся-Хуэй автономды облысы	25 қазан, 1958 ж	Инчуань	66,4	5,96	2,1	35,98
Тибет автономды облысы	1 қыркүйек, 1965 ж	Лхаса	1,228	2,76	2,6	93,48

Қайнар көзі: Wang and Chen, *Minzuqiyuzizhuzhidu de fazhan*, p. 227; *China Statistical Yearbook 2006, Beijing: China Statistical Press, 2006, p. 45.*

Этникалық азшылықтардың халық саны салыстырмалы түрде аз болса да, олардың

қоныстану аумағы қытай территориясының 64%-ын алып жатыр, бұл аумақтың көп бөлігі көрші елдермен шекараласады.(1-сурет)

1-сурет. Қытайдың этнолингвистикалық топтары
Chinese ethnolinguistic groups



Қайнар көзі: news.bbc.co.uk

ҚХР-ның жүргізіп отырған этникалық саясатының мазмұны ұлтаралық теңдік, ынтымақтастық, еңбектестік қағидаларынан тұрады. Конституция бойынша, адам санының аз-көптігіне, экономикалық-әлеуметтік даму деңгейіне, салт-дәстүр ерекшеліктері мен діни нанымдарының айырмашылықтарына қарамастан, әрбір этникалық топ тең әрі қытай халқының ажырамас бөлігі ретінде саналады, мемлекет өмірінде барлығы бірдей мәртебеге және бірдей құқыққа ие. Қандай да бір қысым, кемсіту көрсетулерге тыйым салынады.

«Қытай Халық Республикасының Конституциясында» былай деп көрсетілген: «Қытай Халық Республикасында барлық ұлттардың жалпыға бірдей теңдігі жүзеге асырылады. Мемлекет әрбір аз санды ұлттың заңды құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етеді, барлық ұлттардың теңдік, ынтымақтастық, еңбектестік қарым-қатынастарын қорғайды және дамытады. Қандай да бір ұлтқа қатысты дискриминацияға және қысым көрсетуге тыйым салынады». Қытайдағы әрбір ұлттың азаматы Конституция және заң беретін теңдік құқықтарын кеңінен пайдалана алады. Мысалы:

- барлық ұлттардың азаматтары этностық, нәсілдік, діни наным-сенім айырмашылықтарына қарамастан, сайлау және сайлану құқықтарын бірдей иемденеді;
- қандай да бір ұлт азаматының жеке бостандығы мен абыройына қол сұғылмайды;
- барлық ұлттардың азаматтары дін ұстану бостандығы құқығын иемденеді;
- барлық ұлттардың азаматтарының білім алу құқығы бар;
- барлық ұлттардың азаматтарының өз ана тілдерін қолдануға және дамытуға құқықтары бар;
- барлық ұлттардың азаматтары сөз, баспасөз, қауымдастық, саяхат, демонстрация бостандығына ие;

- барлық ұлттардың азаматтарының ғылыми зерттеулермен, әдебиетпен, өнермен және мәдениеттің басқа да іс-шараларымен айналысу құқықтары бар;

- барлық ұлттардың азаматтарының жұмыс істеген, демалған немесе жұмыс істеу қабілетін жоғалтқан кезде мемлекеттен және қоғамнан материалды көмек алуға құқықтары бар;

- әрбір ұлт азаматының мемлекеттік органдар мен қызметкерлерге сын айту және ұсыныс жасау құқығы бар;

- барлық ұлт азаматтарының өз әдет-ғұрыптарын ұстану немесе өзгерту еркіндіктері бар, және т.б. [6]

Сонымен қоса «三个离不开», яғни «үштіңбөлік бір-бірімен айырылмауы» атты тұжырымдама Қытай жүргізетін ұлттық саясаттың маңызды механизмдерінің бірі болып табылады. Бұл тұжырымдаманы 1990 жылы 9 қыркүйекте сол кездегі ҚКП бас хатшысы Цзян Цзэминь ұсынған еді. Ол бойынша, аз ұлттар хань ұлтынан ажырай алмайды, хань ұлты аз ұлттардан ажырай алмайды, аз ұлттар бір-бірінен ажырай алмайды. [2]

Сонымен, этникалық топтарға мемлекет тарапынан экономикалық және мәдени қолдау көрсетіледі. Этникалық топтардың өз ана тілдерін, мәдени мұраларын, салт-дәстүрлерін сақтап қалуларына әрі дамытуларына мүмкіндіктер қарастырылған [3]. ҚХР ұлттарға қатысты саясатында келесі қағидаларды ұстанады:

1. Ұлттардың теңдігін қамтамасыз ету;
2. Аз санды ұлттар қоныстанған аймақтарда автономды облыстарды құру;
3. Ұлттық аудандардың экономикасы мен мәдениетін дамыту;
4. Білім беру деңгейін көтеру және ұлттық кадрлерді тағайындау;
5. Аз санды ұлттардың салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, наным-сенімдерін

құрметтеу және сақтап қалу, ана тілдерін сақтап қалу [7].

Дегенмен, Қытай үкіметінің этникалық азшылық ұлтқа қарата жүргізген саясатының шектеулі тұстары да жоқ емес және бұл кейбір аз ұлт өкілдерін қанағаттандырмайды. Соңғы онжылдықта Шыңжаң өлкесіне хань ұлты қоныстануының үлкен өсімі байқалды және көптеген ұйғырлар дискриминация жөнінде шағымданды. Шыңжаң халқының 45%-ын ұйғырлар құраса, 40%-ын хань ұлт өкілдері құрайды екен. Шыңжаң өлкесінің астанасы Үрімші қаласының адам саны 2,3 млн-ды құраса, оның басым бөлігін хань ұлты құрайды. Кейбір ұйғыр ұлт өкілдері тәуелсіздік алу идеясын ұстанып келеді және сол себептен қауіпсіз күштеріне бірнеше рет шабуылдар жасалған. Қытай білігінің айтуы бойынша Шыңжаң сепаратистері мен террористерінің Аль-Каедамен қатынастары бар және оларға мемлекеттен тыс қолдау көрсетіледі. 2002 жылы АҚШ пен БҰҰ бір сепаратистік топ, Шығыс Түркістан Исламдық қозғалысына тыйым салуға келісті. Бірақ белсенділер Қытай аймақта қолданылатын аса қатал қауіпсіздік шараларын ақтау үшін қауіпті асыра сілтейді деп айыптайды [8].

Соған қоса, көптеген зерттеушілер хань ұлтының аз ұлттарды бірте-бірте ассимиляцияға ұшыратуы жөнінде сөз қозғап келеді. Олардың көзқарасы бойынша, тарихи үдеріс пен нарықтық экономика саны аз ұлттардың хань ұлтымен ассимиляциялануына алып келеді.

Қытай үкіметінің этникалық азшылықтарға қатысты саясаты оларды күшпен ұлтсыздандыруға ұшыратуды көздеме де, бұл тенденция жылдан жылға айқын көрініс тауып келеді. Елдегі барлық халықтар ана тілдері мен төл мәдениеттерін сақтап дамыту құқықтарын иеленсе де, кейбір ұлттардың этникалық сана-сезімінің төмендегені соншалық, сол ұлт шынымен өмір сүретініне күмән келтіруге болады. Осылайша, 55 аз санды ұлттың басым көбі қытайланып үлгерді. Мәселен, кезінде өз императорлық әулетін құрып Қытайды билеген маньчжурлар - кезінде өз дәстүрлері мен жазуы бар ұлт - біртіндеп ханьдықтармен тұтастай ассимиляцияланып, тілін жоғалтып алды. Ал тілін жоғалтқан ұлт, барлымызға мәлім, ұлт болудан қалады. Жер жаһанды дүр сілкіндірген Шыңғысхан ұрпағы монғолдар да қытайланып барады. Олардың ішінде монғол тілін білетіндер жоқтың қасы. [4]

Ұлттық сана-сезім тек діні бөлек халықтарда, мысалы, ұйғырлар мен тибеттіктерде қатты дамыған: бұл халықтар өз төл мәдениеттері мен тілдерін барынша сақтап қалуға тырысады. Алайда күн сайын оянған этникалық теңдік көзқарасы мен бөліктенушілік пиғылының болуы Қытай үкіметін алаңдатпай қоймайды. Осы халықтар қоныстанған аймақтардың ұлттық мәселесі өте шиеленіскен деп есептеледі және Қытай билігі оларды ашық түрде «тынымсыз аудандар» деп мойындайды.

Ассимиляция үдерісінің тағы бір көрсеткіші – «қытай ұлты» түсінігінің кең етек жаюы мен белсенді қолдау табуы. Ал этникалық тұтастықты сақтау мәселесі болса, екінші дәрежелі орынға сырылған. Бірте-бірте ханьдықтардың өмір сүрі салты, дәстүрлері аз санды ұлт өкілдерінің күнделікті өмір салтында, дүние танымында, мәдениетінде басымдылық көрсетіп келе жатыр. Қытай үкіметі қоғамдағы ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен ұлтаралық консолидацияны нығайтуға бағытталған өте әсерлі саясатты қолданып отыр. Үкімет аз ұлт өкілдерінің тілдерінде оқулықтарға қаржы бөліп отырады, ұлттық аймақтардың кейбір мектептерінде ана тілі сабағы өткізіледі, солай бола тұра, ұлттық азшылық өкілдері, әсіресе жастар, қоғамдық барыс-келыс тілі ретінде өз таңдауларын путунхуа (жалпыға ортақ қытай тілі) үлесіне жасап жатыр. Бұның себебі еңбек нарығындағы негізгі талаптармен байланыстырылады. Соған қоса, ұлттық аймақтарға ханьдықтар көптеп қоныс аударуда және жылдан жылға олардың сандық үлесі этникалық топ өкілдерінің үлесінен басым болып келе жатыр. Осы құбылстардың заңды салдары ретінде қытай қоғамы өз елін ақырын-ақырын моноэтникалық мемлекетке айналдырып жатқанын байқаймыз. [5] Осылайша, жұмсақ саясаттың көмегімен ханьдықтар мен этникалық азшылықтар арасындағы мәдени шекаралар ханьдықтардың үлесіне жойылуда. Бұл жақын арада «қытайлық» деген атау саяси бірліктен этникалық бірлікке айналуына әкеп соғуы әбден мүмкін.

Қорытындылай келе, ұлттық жағдай мен этносаралық қарым-қатынастар әр кезде де күрделілігімен ерекшеленсе де, ұлттық автономияларды құрудың мемлекеттің аумақтық бірегейлігін сақтап қалудағы маңызы зор болды. Әрине, кейбір нақты жағдайларда қолданылатын ұлттық саясат әдістері мен шаралары сынға тартылуға лайық. Бұның бір себебі, коммунистік партия, ұлттық аудандарға шамадан тыс еркіндік берілсе, мемлекеттің тұтастығы бұзылады деп әділ қауіптенді. Қытайлық ұлтшылдық осы жағдайда мемлекеттің қатал орталықтандырылуы мен билікті сақтап қалуының басты құралы болып келеді. Сол уақытта, тек осындай жолмен ғана, барлық аймақтарды орталық еркіне бағындыру арқылы ғана Қытай қазіргі таңдағы экономикалық даму деңгейіне қол жеткізе алды.

Қолданылған әдебиет:

1. Lai Hongyi. China's Ethnic Policies and Challenges//East Asian Policy. JUL / SEP 2009 Vol. 1 № 3
2. «三个离不开». 中华人民共和国国家民族事务委员会. [引用日期2014-07-22]
3. Амантаева А.А. Анализ национальной политики КНР в отношении малочисленных народов//Вестник КРСУ. 2014. Том 14. № 11.
4. The Power of Chinese Assimilation//<http://ilookchina.net/2010/07/09/the-power-of-chinese-assimilation/>
5. Ж. Ашигали. Малые народы КНР: неизвестный Китай. Как с ним быть?// Экономические стратегии – Центральная Азия, 2007, № 5. С. 73.
6. «中华人民共和国民族政策法规选编» 中国民航出版社1997版
7. Булдакова В.Г. Национальная политика КНР в отношении малочисленных народов//Россия и АТР. 2006. № 4.
8. China's main ethnic minorities// <http://news.bbc.co.uk/2/hi/asia-pacific/8136043.stm>

УДК 008:793.3-055.2(520)(091)

ГЕЙША КАК КУЛЬТУРНОЕ ЯВЛЕНИЕ ЯПОНИИ